

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы
8 ғимарат, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7 (7172) 74-38-24

010000, город Нур-Султан, район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел
здание 8, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7(7172) 74-38-

e-mail: info@ economy.gov.kz

р, дом № 8, тел.: 8(7172) 74-38-01
e-mail: info@economy.gov.kz

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі
«Қазақстан халық
партиясы» фракциясының
депутаттарына

Құрметті Депутаттар!

Сіздердің 2021 жылғы 17 маусымдағы № ДС-215 хатыңызға

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі - *Министрлік*) 2021 жылғы 17 маусымдағы № ДС-215 депутаттық сауалдарыңызды қарап, Министрлік өз құзыреті шеңберінде отандық ұн тарту өндірісінің бәсекеге қабілетті болуы үшін коммуналдық қызметтерді (*энергия, су, газ*) ең төменгі бағамен ұсынуға қатысты мынаны хабарлайды.

Министрлік Қазақстан Республикасы «Табиғи монополиялар туралы» Заңына (бұдан әрі – *Заң*) сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің және Кәсіпкерлік Кодекске (бұдан әрі – *Кодекс*) сәйкес қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады.

Заңның 5-бабының 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында табиғи монополиялар салаларына сондай-ақ электр энергиясын беру, сумен жабдықтау, тауарлық газды тасымалдау реттеліп көрсетілетін қызметтері жатады.

Кодекске сәйкес қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілеріне сондай-ақ тауарлық газды және электр энергиясын бөлшек саудада өткізу қызметтері жатады.

Суды төменгі бағамен ұсынуға қатысты

Бүгінгі күні, табиғи монополиялар саласындағы қолданыстағы заңнамада, атап айтқанда Тарифтерді қалыптастыру қағидаларында (*Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығы, бұдан әрі – Қағидалар*) уақытша төмендету коэффициентін алу жолымен тұтынушылардың табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін бекітілген тарифтен төмен тарифпен алу құқығы көзделген.

Сонымен, Қағидалардың 3-тармағының 147) тармақшасына сәйкес, уақытша төмендету коэффициенті – тұтынушылар мен субъектінің мүдделерін қорғау мақсатында уәкілетті орган ведомствосы бекіткен және тарифке қолданылатын шама.

Уақытша төмендету коэффициенті мемлекет, субъект және тұтынушы үшін осы шараның экономикалық тиімділігі мен орындылығын есептеу негізінде белгіленеді (*Қағиданың 410 т.*).

Уақытша төмендету коэффициентін бекітудің экономикалық тиімділігі субъект пен тұтынушы ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің және (немесе) алатын кірістер көлемінің ұлғаюымен және (немесе) халықтың жұмыспен қамтылуының және (немесе) мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдердің өсуімен айқындалады.

Уәкілетті органның ведомствосы уақытша төмендету коэффициентін бекіту үшін өтініш беруші осы Қағидаларының 14-қосымшасына сәйкес тарифке уақытша төмендету коэффициентін бекіту үшін өтініш беруші ұсынатын негіздеуші құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларының 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициентін бекітуге өтінім береді (*Қағиданың 416 т.*).

Уәкілетті орган ведомствосының өтінімнің қарауға қабылданғаны туралы хабарламасын алғаннан кейін, өтініш беруші бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде осы өтінімді уәкілетті орган ведомствосының хабарламасын қоса бере отырып, құзыретті органға және салалық мемлекеттік органға қарау үшін жібереді (*Қағиданың 419 т.*).

Егер тұтынушы өтініш беруші болып табылса, уақытша төмендету коэффициентін бекіту қажеттігі туралы өтінім субъектіге, құзыретті органға, салалық мемлекеттік органға және уәкілетті органның ведомствосына бір мерзімде ұсынылады.

Құзыретті орган, салалық мемлекеттік орган, субъект өтініш берушіден өтінімді алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды ұсынады, онда уақытша төмендету коэффициентінің ұсынылатын деңгейін бекітудің орындылығының негіздемесі не оны бекітудің орынсыздығы көрсетіледі (*Қағиданың 421 т.*).

Жоғарыда баяндалғанның негізінде тұтынушыларға уақытша төмендету коэффициентін алу үшін табиғи монополиялар саласындағы қолданыстағы заңнаманы басшылыққа алу қажет.

Газды төменгі бағамен ұсынуға қатысты

Тауарлық газға бөлшек сауда бағалары: көтерме бағалар, газ тарату жүйелері бойынша газ тасымалдауға арналған тариф және газды өткізуге байланысты шығындар негізге алына отырып қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасында газбен жабдықтау саласындағы тарифтер мен бағаларды мемлекеттік реттеу жөніндегі функциялар екі мемлекеттік орган арасында бөлінген:

1) Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (*бұдан әрі – ҚР ЭМ*) – «Газ және газбен жабдықтау туралы» ҚР Заңына сәйкес жыл сайын 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының өңірлерін газбен жабдықтаудың экономикалық және әлеуметтік жағдайларын ескере отырып, әрбір облыс, республикалық маңызы бар қала, астана үшін жеке-жеке шекті көтерме бағаларды бекітеді;

2) Министрлік:

- «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес тауарлық газды тасымалдау тарифтерін бекітеді;

- ҚР Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес газдың шекті бөлшек сауда бағаларын келіседі;

Осылайша, соңғы тұтынушылар үшін шекті баға:

- ҚР ЭМ бекітілетін тауарлық газдың шекті көтерме бағасынан (70%);

- Министрлікпен бекітілетін тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау қызметтеріне шекті тарифінен және газды өткізуге байланысты шығындардан тұрады (30%).

Өз кезеңінде, тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасын қалыптастыру Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларына сәйкес (*Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 36 бұйрығымен бекітілген*) жүзеге асырылады және тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің сараланған шекті бағасын белгілеу мақсатында тұтынушылардың бірнеше топтары бөліп көрсетілген.

Алайда, үн тарту өндірісімен айналысатын компаниялар үшін топ аталған Қағидаларда қарастырылмағандығын және төмен бағаны көздейтін топ құрылған жағдайда, ол басқа топтар үшін бағаның өсуіне алып келетіндігін атап өтеміз.

Электр энергиясын төменгі бағамен ұсынуға қатысты

Соңғы тұтынушы үшін электр энергиясы бағасының құрылымы Қазақстан Республикасы бойынша мыналарды қамтиды:

55% - станциялардан электр энергиясын сатып алуға шығындар (*ҚР ЭМ бекітіледі*);

45% - электр энергиясын беру шығындары және энергиямен жабдықтаушы ұйымның өндірістік қызметіне байланысты шығындар (*Министрлікпен бекітіледі*).

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясын бөлшек саудада өткізуінің сараланған шекті бағасын белгілеу мақсатында тұтынушылар мынадай топтарға бөлінген:

1) тұтынушылардың 1-тобы – электр энергиясын тауарларды, жұмыстарды өндірумен (сатумен) және қызметтерді көрсетумен байланысты емес, өздерінің тұрмыстық мұқтаждары үшін пайдаланатын тұрмыстық тұтынушылар;

2) тұтынушылардың 2-тобы – электр энергиясын тұрмыстық мұқтаждары үшін пайдаланбайтын тұтынушылар;

3) тұтынушылардың 3-тобы – мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар.

Сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына (*бұдан әрі – ӘМАТ*) бағаларды тұрақтандыру мақсатында Министрлікпен тұтынушылардың 4-тобы құрылды.

Министрлікпен ішкі тұтынуға арналған ӘМАТ өндірісін қамтамасыз ететін кәсіпорындар үшін Алматы қаласын қоспағанда қалған 16 өңір бойынша орташа өткізу деңгейінде электр энергиясына бағаларды келісу (төмендету) бойынша тиісті жұмыстар жүргізілді.

Алматы қаласы бойынша шешімдер Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің нормаларына сәйкес энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың өтінімдерінің түсуіне қарай қабылданатын болады.

Құрметпен,
Министр

Ә. Ерғалиев

Лесбекұлы Н,
74-24-35